



ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Канттың этикалық теориясы.
Бұлжымас императив мәселесі.





Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Канттың этикалық теориясы. Бұлжымас императив мәселесі.
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Канттың этикалық теориясы. Бұлжымас императив мәселесі.

Канттың этикалық теориясының басты моралін, басты шартын, яғни, бұлжымас императивті оның моральдық философия тұрғысындағы маңыздылығы жағынан утилитаризм принципімен салыстыруға болады. Бұл Канттың жақсылық пен жамандықты ажырату өлшемі. Канттың еңбектерінде бұлжымас императивтің бірнеше тұжырымдары бар. Біз солардың екеуіне ғана тоқтап, оларды бұлжымас императивтің бірінші және екінші түрі деп атаймыз. Сонымен бірінші формаға келейік.

Бұлжымас императивтің біріншісі формасы

Моральдық борыш бұлжымас болып табылатынын еске саламыз; яғни ол сөзсіз, шүбәсіз болып табылады және барлық адамдар бір-бірінен өзгешеленетін жеке тұлғалар сияқты емес, жалпы адамдар сияқты қарастырылады. Бұл жағынан келгенде, бұлжымас императив әмбебап сипатқа ие. Сонымен қатар, мораль дегеніміз қандай да бір ізгі салдарларға (бақыт, білім немесе тыныштық болсын) жеткізу мәселесі болмағандықтан, негізгі моральдық принцип ресми, яғни мазмұнсыз болады. Ол қандай да бір нақты игілікке сілтеме жасамайды. Бұл бұлжымас императивтің бірінші формасын түсіндіреді, ол біздің немесе басқа да кез-келген адамның тек өзі қабылдай алатын нәрселерді жасауын талап етеді. Канттың мұндағы тұжырымдамасын: Әмбебап заң ретінде қалайтын үлгіге сай әрекет етіңіз! деген ұстаныммен жеткізсек болады.

Басқа сөзбен айтқанда, мен өзім не істесем де, менің бұл әрекетім басқалардың бәрінің де ұдайы осылай жасағанын қалауыма сай әрекет болуы тиіс. Бір нәрсені әмбебап қалау оны заң ретінде қабылдау сияқты, себебі заңның өзі сипаты бойынша әмбебаптық бір деңгейге сай емес пе?

Яғни, моральдық заң: «сенің еркіңнің максимасы жалпыға ортаң заң болатындай әрекет ет» деген принциптің заңнамалық формасына сай болуы тиіс. Адам баласы сөзсіз игі еріктің субъектісі болғандықтан, адамның өзі – ең жоғары мақсат. Яғни, бұл ұстаным адамгершіліктің ең жоғары принципін: «сен өзің және кез-келген басқа адам өкілі болатын адамзатқа әрдайым құрал ретінде емес, түпкілікті мақсат ретінде қарап, осы ұстанымға қарай әрекет ет» деген тұжырыммен сипаттауға мүмкіндік береді.

Ешбір сыртқы жағдайдарға тәуелсіз ізгілік заңы ғана адамды шынайы еркін ете алады.

Сонымен қатар, адам үшін моральдық заңның өзі императив саналады, ол бұлжымас билік орнатып, адамның сезімдік құштарлықтарының әсеріне немесе өз мұқтаждықтарына тәуелдігіне орай, яғни моральдық заңға қайшы максималарға бейім екендігін ескереді. Императив дегеніміз – адам еркінің осы заңға міндет ретінде қарауы, яғни, ізгілікті әрекет етуге деген ішкі парасатты мәжбүрлеу. Борыш ұғымының өзін осылай сипаттауға болады. Осылайша, адам өз максималарының моральдық тұрғыда кемел заң идеясына шексіз алға қарай ілгерілеуіне ұмтылуы тиіс. Игілікті іс дегеніміз де осы, бұл – практикалық ақыл-ойдың ақырғы нысанасы.

Мұны ереже не принцип түрінде жеткізуге болады. Мысалы, мен «сабаққа кешігу» не болмаса «бар ақшамды баспанасыздарға беру» сияқты әрекеттердің моральдық тұрғыда рұқсат етілген әрекет екенін білгім келуі мүмкін. Ол үшін мен тек максима немесе ереже ретінде ойымды қалыптастырып, сол максиманың орындалуын барлық адамдар үшін қалаймын ба деген сұрақ қоюым керек. Яғни, мен «менің артық ақшам бола қалса, мен оны баспанасыздарға беремін» деген әмбебап максима не жалпы ережені қалаймын ба деп сұрауым мүмкін.

Универсал практика ретінде мен нені қалайтыным не қаламайтыным туралы қалай білуге болады? Рационал тіршілік иесі ретінде мен дәстүрлерге қайшы келмейтін нәрселерді қалауым мүмкін. Қазір жаңбыр жауып, әрі жаумай тұр деген адам туралы біз не ойлаймыз? Жаңбыр ана жақта емес, осында жауып тұруы, немесе осыдан бұрын емес, осы сәтте жауып тұруы мүмкін. Бірақ осында жаңбыр не жауады, не жаумайды. Екеуі бір мезетте болуы мүмкін емес. Сондықтан біз, сондай-ақ, «алманың бүтін болып қала бергенін және оны жеуді» қалайтын адам рационал емес деп айтамыз. Біз оған «Шешім қабылда» дейміз. «Егер сен оны, яғни, алманы жесең, ол жоқ болады».

Менің қарама-қайшылықсыз әмбебап бірдеңе жасай алатынымды Канттың мысалдарын пайдалана отырып, түсіндіре алам ба? Ол бізді моральдық тұрғыдан маған «кейбір қиындықтардан арылу үшін өтірік айту немесе жалған уәде беруге жол беріле ме» деп ойлап көруді сұрайды. Мен «қандай да бір қиындыққа душар болғанда, мен осы жағдайдан тек қана өтірік айту не жалған уәде беру арқылы шығатын болсам, мен солай жасаймын» деген максиманы қарастырар едім. Бұның моральдық тұрғыдан қолайлы екендігін білу үшін, ол бұлжымас императив сынағынан өтуі керек. Мен осы сынақты пайдаланатын болсам, мен осындай нәрсені бәріне тілер ме едім деген сұрақ қояр едім. Мысалы, о баста ақшаны қайтарып беру уәдесінде



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Канттың этикалық теориясы. Бұлжымас императив мәселесі.
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

тұрмау ниетімен уәде беретін адамдардың болуын жаппай практикаға айналуын мен қалар ма едім деп сұрауым керек. Осындай уәде беретін адамдар мұны үнемі алдын ада жалған ниетпен жасайтын болса, онда басқалар мұны біліп, оның уәдесіне сенбес еді. Мәселен, біреу сізге қайтарып берем деп уәде берсе, ал сіз оның бермейтінін білсеңіз, оған қарызға ақша бере ме едіңіз? Бұдан шығатын қорытынды мынадай: Мен жалған уәделердің жалпы практикасын қолданып, ұстануға тырысатын болсам, мен уәделердің бәрі шыншыл болуы мүмкін емес деп санар едім, өйткені өз басыма келгенде, уәделер жалған болуы мүмкін деген ниетім бола тұра, мен сондай-ақ, басқалардың өтірік уәде бере алмауын тілер едім. Ал егер мен өзім жалған уәде беріп тұрып, басқалардың да осылай жасағанын қалайтын болсам, барлық уәделер алдын-ала жалған екенін әркім білер еді. Онда ешкім жалған уәде беру түгілі, мүлде ешқандай уәде де бермес еді ғой, себебі уәде берген адамға ешкім сенбес еді. Уәде беру әрекетінің мәні - оған сендіру. Жалған уәде берудің әмбебап практикасы осыған қарама-қарсы, яғни бұл мүмкін емес. Егер жұрттың бәрі жалған уәде беретін болса, ешкім оған сенбейтін, демек, ешкім уәде бере алмайтын болып қалады.

Ал енді өткен дәрісте келтірілген мысалды қарастырайық: адамдар өздерінің толық келісімінсіз медициналық эксперимент субъектісі ретінде қолданылған Таскигидегі мерез немесе медицинада сифилис деп аталатын эксперимент. Канттың бұлжымас императивіне сәйкестендіретін болсақ, егер осы сұмдық экспериментті іске асырған зерттеушілерге олардың өздерін экспериментке қатысуға мәжбүр ету үшін өтірік айту қалыпты жағдай деп сендіретін болсақ, олар бұл жағдайды өз бастарына сай сәйкестендіріп көріп, өздері зерттеу нысанына айналдырған адамдарды қатысуға мәжбүр ете алмайтын болып шығар еді. Себебі олар өздеріне қатысты мұндай әрекеттің орындалуын қаламайтыны анық, яғни, олар осы науқастардың орнында өздері болғанды қаламас еді. Зерттеудің әлеуетті субъектілерін алдаудың жаппай практикасы барлық зерттеушілерге деген сенімді жоғалтады. Зерттеушілердің алдауды қолдануға мүмкіндік беретін жалғыз амал - басқа зерттеушілердің басы бөлігі шындықты айтуы болар еді. Тек сонда ғана осы жалған сөйлейтін зерттеушілер эксперименттің әлеуетті сыналұшыларын өз сөздеріне сендіре алады. Бірақ бұл оның универсал ережеге бағынбайтын әрекет екенін білдірер еді. Жалған уәде сияқты, зерттеушілердің өздерінің әлеуетті субъектілеріне өтірік айтуының жаппай практикасы да іштей қарама-қарсы сезімдерге тап болып, оны қолданатын адамдардың өздеріне қатысты бұл амалдың дәйекті түрде қолданылуы қаланбас еді. Осылайша, әлеуетті зерттеу субъектілеріне өтірік айту бұлжымас императив өлшеміне кереғар және моральдық тұрғыдан лайықсыз болып шығады.

Әділдік принципі

Бір жағынан, Канттың басты моральдық принципі, яғни, бұлжымас императив дегеніміз – әділдік принципі. Мен басқалардың жасағанын қаламайтын нәрсені өзім де жасамауым керек. Маған жалған уәде беру үшін басқалар жаппай шын уәде беруі керек, сонда ғана олар менің өтірігіме сенетін болады. Бұл менің өзімді ерекше адам сияқты қарастырған түрім болар еді. Бірақ бұл әділетсіз. Белгілі бір мағынада бұл принцип басқалардың өзіне не істегенін қаласаң, басқаларға да соны істеуді талап ететін алтын ережеге ұқсас. Алайда, бұл екеуі бірдей нәрсе емес. Себебі Канттың принципі бізден керексіз жанқиярлық немесе қарама-қайшы практикаларды талап етеді, ал алтын ереже, сайып келгенде, бізге нені жасауға не жасамауға болатынын үндеуімізді талап етеді. Канттың түсіндіруінше, Алтын ереже универсал заң бола алмайды, себебі ол өзінің алдында міндет принципін де, басқаларға мейірбандық міндеттерін де, яғни көп адамдар өзгелерге мейірбандық көрсетуден босатылатын болса, олар өзгелердің де оған пайда тигізбейтіндігімен қуана келісер ма еді деген сұрақты, ақыр аяғында, бір-бірінің алдындағы қатаң міндеттеме парызын де қамтымайды, өйткені бұл принцип бойынша қылмыскер оны жазалайтын судьяға қарсы наразылық білдіре алады және тағы с.с.»

Ашып айтсақ, Алтын ереже тек менің немесе сенің нені ұнататынына не ұнатпайтынына қатысты мәселе, демек, біздің басқалардың «бізге не жасағанын» қалауымыздан туатын нәрсе. Алайда, бұл бізді Канттың моральдық теориясындағы орталық орын алатын универсал парыз деңгейіне жетелемейді.

Бұлжымас императивтің екінші формасы

Ал енді бұлжымас императивтің Екінші формасына өтейік.

Канттың бұлжымас императивінің бірінші формасы біреудің жоспарланған ісі немесе саясатының әмбебаптануын, яғни универсал заңға айналуын талап етеді. Екінші формасына сай, адамдарды тұлға ретінде қарастыру неден тұратынын сұрау қажет. Канттың теориясы бойынша адамның негізгі сипаттамаларының бірі – олардың өз мақсаттарын алға қоя білу қабілеті. Адамдар–автономды яки дербес тіршілік иелері.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Канттың этикалық теориясы. Бұлжымас императив мәселесі.
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Олар өзін-өзі басқарады немесе, ең болмағанда, өзін-өзі басқаруға қабілетті. Адамдар ретінде біз өзіміздің өмір жоспарымызды, кім болғымыз келетінін, достарымызды, оқитын колледж курстарымызды және тағы басқаларды таңдаймыз немесе таңдауға қабілеттіміз. Біздің бұлай жасауымыздың өз себептері бар. Біздің таңдауларымыз жағдайымызға, басқалардың ақылы мен пікірлеріне байланысты болғанымен, біз саналы түрде өзімізге ықпал етуге мүмкіндік береміз, осылайша, бұл таңдаулар, айналып келгенде, өз таңдауымыз болып қала береді. Адамдар тірі емес заттардан осылайша ерекшеленеді. Заттар не істегісі қалайтынын таңдай алмайды. Біз заттарды қалай пайдаланатынымызды шешеміз. Біз өз мақсаттарымызды орындауда: үй салу үшін ағашты не болмаса идеяларымызды білдіру үшін қаламды немесе компьютерді пайдалану арқылы заттарға жүгінеміз. Өз мақсаттарымыз үшін заттарды пайдалану орынды болғанымен, адамдарды біздің иелігіміздегі әрі өзінің ерік-жігері жоқ зат секілді пайдалану адамгершілікке жатпайды. Олай болса, Канттың бұлжымас императивінің екінші формасының тұжырымдамасы мынадай болады: Әрқашан адамзатқа, ол өзіңіз болсын не басқа болсын тек құрал ретінде емес, әрқашан мақсат ретінде қараңыз.

Бұл тұжырым бізге өзімізге және басқаларға қалай қарау керектігімізді, атап айтқанда, тек құрал ретінде ғана емес, мақсат ретінде қарау керектігімізді білдіреді. Кант адамдарды тек аспапты құндылық ретінде емес, өздері құндылыққа ие адамдар ретінде қарастыруымыз керек деп санайды. Адамдардың басқаларға пайдалылығына, оларды сүйетініне не болмаса бағалауына қарамастан, олардың өз құндылығы бар. Біз басқаларды пайдаланбауымыз керек, әрі өзімізді пайдалануға мүмкіндік бермеуіміз керек. Мен белгілі бір мағынада - мысалы, үйімді сырлау үшін бір әйелді пайдалануым мүмкін. Бірақ мен оны тек зат сияқты пайдаланып қана қоймаймын. Менің үйімді сырлау мақсатымды сырлаушы да құптауы тиіс, ол да адам және мен оны өз мақсатымды орындау нысаны ретінде ғана пайдаланбауым керек. Ол осы әрекетті жасауға не үшін қатысатынын білуі қажет. Мен оған онсыз келіспейтін нәрсені жасату үшін өтірік айта алмаймын. Және ол үйді сырлауға мәжбүрленбей, өз еркімен келісуі керек. Осындай және осыған ұқсас талаптар басқа адамдарды өз мақсатың не міндетің үшін құрал ретінде пайдаланбай, өз алдына бір мақсат ретінде пайдалану үшін қажет.

Келісімді императивтің екінші формасын біз бірінші формаға арналған мысалдарды бағалау үшін қолдануымыз мүмкін. Біздің бірінші форманы не екінші форманы пайдалануымыздың моральдық қорытындысы бірдей болуы мүмкін. Канттың ойынша басқа адамды алдауымыз – мысалы, ондай істеу ойымызда болмаса да, қызметінің ақшасын төлейміз деу – біздің басқа адамды оның еркінсіз пайдалануға әрекеттенуіміз. (Оның бізге мүлдем ақша бергісі келмеуі мүмкін.) Бұл адамдарды пайдаланбау талабын бұзар еді. Сол сияқты Таскиги экспериментінде, науқас адамдарды алдаған зерттеушілер сыналұшыларды мақсат ретінде емес, мақсатқа жету құралы ретінде ғана пайдаланды. Яғни, бұл адамгершілік заңына қарсы әрекет.

Біз Кант өз императивінің бұл дәрісте талқыланған екі формасынан да көбірек тұжырымдарын ұсынғанын атап өттік. Осы тұжырымдамалардың бірінде Кант табиғатты біз бастан кешіретін барлық нәрселердің жүйесі ретінде қарастыратын бір көзқарасына сүйенеді. Өйткені табиғат белгілі бір тәртіп немесе заңға сай ұйымдастырылған. Осылайша, ол біз қарастыратын кейбір әрекеттер табиғаттың әмбебап заңы болуы мүмкін бе деген сұрақты біз әрқашан сұрап отыруымыз керек дейді. Бұл нұсқаның әсері – моралды әмбебап және ұтымды амал ретінде атап көрсету, өйткені табиғат дәйекті заңдарға сәйкес әрекет етеді. Бұлжымас императивтің басқа тұжырымдары автономияға көңіл аударады. Біз өзімізді қабылдайын деп отырған моральдық практика авторы ретінде қарастыра аламыз ба деп сұрауымыз керек. Біз моральдық заңға және оның авторына бағынамыз, өйткені бұл рационал тіршілік иесі ретінде біздің табиғатымыздан туындайтын дүние.

Осындай категориялық императив тұжырымдары Кант философиясының басқа да қызықты элементтерін қамтиды.

Тұжырымдай келе, Канттың моральдық теориясын бағалау мәселесіне тоқталып кетейік. Канттың моральдық философиясында тартымды, көңілімізге ұнамды нәрселер көп, әсіресе, оның басты аспектілері – оның мотивтерге, әділдікке баса назар аударуы, оның бірізділігінің мақсаты және оның адамдарды автономды, дербес және моральдық тең болмыс иелері ретінде қарастыру сияқты негізгі идеялары өте орынды. Канттың деонтологиялық ұстанымы бақыт пен жақсы салдарды өндіруге баса назар аударып, утилитаризм тәсілінен қатты ерекшеленеді. Канттың теориясына дұрыс баға беру үшін оның ойының келесі бір тұстарын қарастырайық.

Мұнда ерекше мән беретін нәрсе - моральдық борыштың сипаты.

Моральдық борыштың сипаты



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Канттың этикалық теориясы. Бұлжымас императив мәселесі.
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Канттың моральдық философиясының өзекті тұстарының бірі – оның моральдық міндеттеменің табиғатына деген көзқарасы. Ол моральдық борыштар нақты әрі қатаң түрде міндетті деп санайды. Кант бойынша, егер біз моральдық тұрғыда бір нәрсе жасауымыз керек болса, демек, біз оны жай ғана жасауымыз керек. Осылайша, моральдық міндеттің бұл түрі біздің барлық басқа міндеттерімізден ерекшеленеді, себебі тұлға ретінде әрқайсымыздың сан түрлі мақсаттарымыз бар, ал моральдық міндеттер жалпыға ортақ және бұлжымас болуы тиіс. Канттың моральдық философиясының осы қырына баға беру үшін сіз моральдық борыштың табиғаты туралы жеке өзіңіздің не ойлайтыныңыз туралы өзіңізге сұрақ қоюыңыз керек. Бұл Канттың моральдық философиясы үшін аса маңызды, өйткені моральдық заңды құрметтегендіктен әрекет ету - әрекеттің моральдық құндылыққа ие болуы үшін қажет. Сонымен қатар, Канттың пікірінше, моральға деген осындай құрметтің негізінде әрекет ету қабілеті де адамдық қадір-қасиеттің көзі болып табылады.

Ал енді бұлжымас императивті қолдану мәселесіне келсек.

Бұлжымас императивті қолдану

Милль сияқты сыншылар, осыған дейін айтқанымыздай, бұлжымас императивті универсал етумен байланысты проблемаларды ашып көрсетеді. Мысалы, кейбіреулер бұлжымас императивтің бірінші нысанын пайдалану кезінде моральдық міндеттемелер ретінде көрінуі екіталай, универсал практика ретінде қалайтын көптеген нәрселер бар екенін мәлімдейді. Мысалы, мен өз студенттерімнің бәрінен сынақ жұмыстары жазылған қос парақтың үстінгі жағына өз аттарын жазуын сұрай аламын. Егер бәрі осылай жасаса, бұл ешкімге аса бір кедергі болмас еді. Егер бұл әмбебап тәжірибе болса, онда ешқандай қайшылықтар болмас еді. Дегенмен, бұл әрекет адамдарда өздерінің сынақ жұмыстарында өз аттарын жазуға моральдық міндеттемесі бар дегенді білдірмейді ғой. Канттың жақтастары бақылау жұмысында сіздің атыңызды жазу қатаң императив емес, гипотетикалық мысал болып табылады деп жауап беруі мүмкін. Мен өз атымды қағазға жазамын, себебі оқытушының маған лайықты бағасын беруді қалаймын. Егер мен мұны әмбебап практика ретінде қаласам, онда мен бұл моральдық рұқсат етілген әрекет екенін білемін. Егер мен мұны әмбебап практика ретінде қаласам, онда мен бұл моральдық рұқсат етілмеген не дұрыс емес әрекет екенін білемін. Осылайша, бұлжымас императив, шын мәнінде, керісінше теріс сынау амалы болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, ол бізге не істеу керектігін емес, біз не істемеуіміз қажет екенін анықтайтын өлшем. Бұл қанағаттанарлық жауап екендігіне қарамастан, сіз бұл мәселенің Канттың әмбебаптану тестімен байланысты бірнеше проблемаларының бірі ғана екенін білуіңіз керек.

Моральдық ережелердің универсалдығы мәселесі

Моральдық ережелердің универсалдық мәселесі Кант этикасына ғана тән, бірегей мәселе емес. Канттың ізбасарлары мен утилитаристер универсал ережелерге бірдей қызықса да, олардың пайымдауының жүзеге асуында айырмашылық бар. Утилитаристер ережесі біз қарастыратын кейбір әрекеттер универсал практика болатын болса, онда оның нәтижесі не болуы мүмкіндігін қарастыруымызды талап етеді. Осылайша, біз жалған уәделер сияқты қандай да бір жалпы практика нәтижелері немесе салдары қандай болатынын немесе бір тәжірибе, басқасына қарағанда, нәтижелері жақсырақ болар ма еді деп сұраймыз. Белгілі бір мағынада Кант теориясы қандай да бір әрекетті универсал ету кезінде мүмкін салдарларды қарастыруды талап етсе де, әрекеттің моральдық сипатын анықтаушы фактор – оның жақсы немесе жаман салдары емес, керісінше, осы практиканың универсал заң ретінде қалауға қарама-қарсы бір нәрсенің болуы. Біз рационал тіршілік иесі болғандықтан, қарама-қарсы нәрселерді қаламауымыз керек.

Бұлжымас императивтің екінші формасын қолданудың да өзіндік проблемалары бар. Нақты, өмірде кездесетін жағдайларда, адамды біреу пайдаланатынын анықтау оңай емес - мысалы, мәжбүрлеу деген не және жай ғана ықпал ету деген не, алдау деген не, алдамау деген не? деген сияқты сұрақтарға байланысты біраз пікірталастар туындауы мүмкін. Мен досымды мен үшін бірдеңе жасауға көндіруге тырысқанда, мен тек досымның өзі шешім қабылдау үшін ақпарат беріп жатырмын ба, не болмаса белгілі бір шектен өтіп, оны мәжбүрлей бастадым ба - мұны қалай білемін? Сонымен қатар, егер мен барлық шындықты айтпасам, немесе басқа адамнан ақпаратты жасырсам, бұл менің тарапымнан алдау деп санала ма? Бұл алдау мен мәжбүрлеу туралы Кант көзқарастарын қолдануға тырысатын кез-келген адам үшін нақты проблемалар болғанымен, олар оның моральдық философиясы үшін ғана туындайтын сұрақтар емес. Теорияларды пайдалану немесе қолдану қарапайымдылығы жағынан әр түрлі келеді. Барлық моральдық философия түрлері үшін болмаса да, көпшілігі үшін олардың принциптерін қолдану қиындығы проблема туғызады.

Канттың мораль теориясында кездесетін кейбір тұжырымдар мен терминдер қазіргі таңда құлаққа



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Канттың этикалық теориясы. Бұлжымас императив мәселесі.
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

жағымсыз болып естілуі мүмкін. Парыз, міндеттеме, заң және универсалдық деген ұғымдар, мүмкін, бүгінгі таңда ең көп естілетін моральдық терминдер болмауы да мүмкін. Бірақ, егер Канттың парыз деп нені меңзегенін қарастыратын болсақ, бұл идея бізге соншалықты ақылға қонбайтындай көрінбеуі мүмкін. Кант қандай да бір қоғам немесе топ орындайтын нақты моральдық кодекс немесе міндеттер жиынтығының мүддесін қорғаған жоқ. Керісінше, оның ойынша, парыз дегеніміз – ақыл-ойдың бізге дұрыс деп айтатыны. Алайда, Кант өзінің философиясында абсолюттіктің белгісі бар екенін мойындар еді. Абсолютистер моральды ерекшелігі жоқ ережелер жиынтығынан тұрады деп санайды. Кант шын мәнінде кейде абсолютизмді жақтайтын сияқты көрінеді. Ол әрдайым жалған уәде беру немесе саналы түрде өтірік айту дұрыс емес деп санайтынын анық көрсететін мысалдар келтіреді. Алайда, Канттың моральдық теориясы тек қана бір ортақ, жалпыға бірде ереже ұсынады, бұл - бұлжымас императив идеясы. Біз ешқашан әмбебап ереже ретінде пайдалануға болмайтын нәрсені не болмаса адамдарды мақсат ретінде пайдалану талаптарын бұзатын нәрсені жасамауымыз керек.

Канттың моральдық теориясының бір жағымды ерекшелігі – оның барлық адамдардың моральдық теңдігіне баса назар аударуы, бұл оның пікірінше моральдық борыштардың универсал міндеттілігін білдіреді. Біз өзімізге ерекше жағдайлар жасамауымыз керек; біз тек бәрінің жасауын қалайтын нәрсені істеуіміз керек. Моральдық міндеттеме мен моральдылықтың өзі біздің рационал әрі автономды тұлға ретіндегі табиғатымыздан туады. Моральдылық біздің жеке тұлға ретінде әр түрлілігімізге емес, жеке тұлға ретінде қалай ұқсайтынымызға негізделген. Бұл моральдық теңдік пен тең моральдық құқықтарды қорғағысы келетіндер үшін өте қуатты теориялық негіз болуы мүмкін. Егер біз басқаларға өзімізге тең тұлғалар ретінде қарамасақ, біз оларды құрметтемеген болар едік. Егер біз өз істерімізден айнытпай, әділ шешім шығаруға дайын болмасақ, немесе біз барлығына бірдей ережелерді қолданғымыз келмесе, бізді екіжүзділік үшін айыптауға болады. Екіжүзділікке айыппен қарайтын болсақ, біз Кант теориясына сай әрекет етеміз.

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Trials of War Criminals before the Nuremberg Military Tribunals under Control Council Law No.10, Vol. 2 (Washington, D.C.: U.S. Government Printing Office, 1949).
2. Jeremy Bentham, Deontology or the Science of Morality (Edinburgh, William Tait, 1834), vol. 1, Chapter 2.
3. Immanuel Kant, Critique of Practical Reason, in Practical Philosophy (Cambridge: Cambridge University Press, 1999).
4. Immanuel Kant, The Conflict of the Faculties, in Religion and Rational Theology, ed. A.W. Wood and G. di Giovanni (Cambridge: Cambridge University Press, 1996).
5. J. B. Schneewind, “Kant and Stoic Ethics,” in Essays on the History of Moral Philosophy (Oxford University Press, 2009).
6. Immanuel Kant, Critique of Pure Reason, trans. Norman Kemp Smith (New York: St. Martin’s, 1965).
7. Kant, Fundamental Principles of the Metaphysics of Morals trans. Abbott (Project Gutenberg: <http://www.gutenberg.org/cache/epub/5682/pg5682.html>), second section.
8. Susan Moller Okin, Justice, Gender, and the Family (New York: Basic Books, 1989).
9. Marilyn Friedman, “The Social Self and the Partiality Debates,” in Feminist Ethics, ed. Claudia Card (Lawrence: University of Kansas Press, 1991).
10. W. D. Ross, The Right and the Good (Oxford: Oxford University Press, 1930).
11. John Rawls, A Theory of Justice (Cambridge, MA: Harvard University Press, 1971).